



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

№ \_\_\_\_\_

№ 545 от 25.08.2020

Нұр-Сұлтан қаласы

город Нур-Султан

**«Ұлттық нейрохирургия орталығы»  
акционерлік қоғамының 2019 жылғы жылдық  
қаржылық есептілігін бекіту, таза кірісін бөлу  
және жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу  
немесе төлемеу туралы**

«Акционерлік қоғамдар туралы» 2003 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабы 1-тармағының 7), 8) тармақшаларына, «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 177-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына, «Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивидендтер мен ұйымдардағы мемлекеттік қатысу үлестеріне кірістер туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 27 наурыздағы № 142 қаулысының 3-тармағына, «Ұлттық нейрохирургия орталығы» акционерлік қоғамының Жарғысы 67-тармағының 12), 13) тармақшаларына, «KZT» Азия аудиторлық компаниясы» жауапкершілігі шектеулігі серіктестігі тәуелсіз аудиторының 2020 жылғы 26 маусымдағы аудиторлық қорытындысына, «Ұлттық нейрохирургия орталығы» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі күндізгі отырысының 2020 жылғы 14 тамыздағы № 5 хаттамасынан үзінді көшірмеге және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің 2020 жылғы 21 тамыздағы № КГИП-01-КГ/3805 хатына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес «Ұлттық нейрохирургия орталығы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) 2019 жылғы жылдық қаржылық есептілігі (010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Тұран даңғылы 34/1, БИН: 080440018645, ЖСК: KZ828560000000526973, «Банк Центр Кредит» акционерлік қоғамы, БСН: КСJBKZKX) бекітілсін.

2. Қоғамның 2019 жылғы қызметінің нәтижелері бойынша алынған 2 776 457 (екі миллион жеті жүз жетпіс алты мың төрт жүз елу жеті) теңге 48 (қырық сегіз) тиын сомасындағы таза кірісі республикалық бюджетке аударылсын.

3. Қоғам Басқармасының Төрағасы:

1) осы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап он жұмыс күні ішінде электрондық есепті қаржылық есептілік депозитарийін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымға жіберуді қамтамасыз етсін;

2) осы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап он жұмыс күні ішінде оны бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Мемлекеттік сатып алу және активтер департаментіне жүктелсін.

5. Осы бұйрық Қоғамның жалғыз акционерінің шешімі болып табылады және қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Қазақстан Республикасы**  
**Денсаулық сақтау вице-министрі**

**А. Гиният**

**Согласовано**

24.08.2020 19:05 Абилхаиров Жасулан Турсунович

24.08.2020 19:28 Байжуманова Айман Токеновна

24.08.2020 19:30 Дусипов Нурбек Назарбаевич

24.08.2020 19:32 Амиргалиев Еркінбек Рахимбаевич

25.08.2020 09:37 Жантлеуова Ардак Кенжебековна

25.08.2020 10:59 Саркенова Индира Сериковна

25.08.2020 13:04 Нусупова Асем Бековна

**Подписано**

25.08.2020 17:14 Гиният Ажар

Министерство здравоохранения Республики Казахстан - Жуматаев Е.К.